

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ: ЕПТІЛІК ПЕН ЕСЕПКЕ НЕГІЗДЕЛГЕН СПОРТ



Соңғы уақытта Сыр өңірінде қарқын ала бастаған үстел теннисі жайлы айтылғанда, «осы спорт қалай дамып жатыр екен?» деген сауал пайда болатыны рас. Осы сұрақтың жетегінде біз Қызылорда қаласындағы жаңа теннис орталығына арнайы барып, тыныс-тіршілігімен танысып қайттық. Жалпы үстел теннисі – шапшаңдық пен зейінді, ептілік пен есепті қатар талап ететін интеллектуалды спорт түрі. Қозғалыстың үйлесімі мен дәлдік бұл ойында шешуші рөл атқарады. Бұл спорт түрінің Қазақстандағы федерациясы 1993 жылы құрылып, сол жылы ұлттық құрама командасы алғаш рет Швецияның Гетеборг қаласында өткен әлем чемпионатына қатысып, ел намысын қорғаған болатын. Бүгінгі таңда үстел теннисі елімізде тек жарыс алаңдарында ғана емес, мектептер мен арнайы спорт залдарына да қойыла бастады.

4-БЕТТЕ

ҚАРАШАҢЫРАҚ

АҚЖАРМАДА БІТКЕН ІС КӨП, ЖОСПАР ЖЕТЕРЛІК



Қала іргесіндегі бір кездері Кеңес одағына МИС атымен танымал машина сынау станциясы бүгінде бүтіндей бір ауылға айналғалы қаш-шан. Кеңес одағының түкпір-түкпірінен жаңадан шығарылған техникалар әуелі осында жеткізіледі. Мұндағылар техниканы әбден сынап, «мынауың дұрыс, мынауы бұрыс» деп төрелігін айтатын. Осы күні Ақжарма ауылдық округі атанып, негізгі елді мекенге батыр Баймұраттың аты қойылса, Талдыарал да осы аумаққа қарайтын ауыл ретінде танылған. Тірлігі түзу, қадамы нық ауылдың тыныс-тіршілігімен танысып қайттық.

2-БЕТТЕ

ЕҢБЕК АДАМЫ

МҰНДА ҚАТЕЛЕСУГЕ БОЛМАЙДЫ



Әуеде қалықтап бара жатқан ұшаққа қарап, көпшілік таңырқай қарауы мүмкін. Бірақ сол ұшақтың ұшуы үшін жерде тынымсыз тер төгіп жүрген мамандар барын бірі білсе, бірі білмес. Қауіпсіздіктің көрінбейтін шебін күзетіп, ұшаққа қажетті әр құрылғыны мінсіз жұмыс істеуге бейімдейтін мамандар – инженерлер.

Сол инженердің бірі емес, бірегейі – Айтбек Юнусов. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда әуежайында қызмет етіп келе жатқанына отыз жылға жуық уақыт болған. Қазіргі таңда авиациялық инженерлік құрам бөлімінің білікті инженері.

– Кезекшілікке келген сәттен бастап бар назарымды ұшу қауіпсіздігіне бұрамын, – дейді Айтбек аға.

Ең алдымен ұшу кестесін мұқият қарап шығып, қай ұшақтың қай уақытта келіп, қай уақытта ұшатынына дейін



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Ақмешіт

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

29 шілде
сейсенбі

№56 (2169)

2025 жыл

АУЫЛ АМАНАТЫ: кәсіп бастағанға қолдау бар

Елімізде халықтың табысын арттыру, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында Мемлекет басшысының бастамасымен 2025 жылға дейінгі «Ауыл аманаты» бағдарламасы жүзеге асуда. Бұл бағдарлама өңірде де өз жалғасын тауып келеді. Бағдарламаның басты мақсаты – ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту, жергілікті тұрғындарға жаңа мүмкіндіктер ұсыну. Бүгінде бағдарлама аясында өз кәсібін дөңгелетіп отырған жандардың бірі – кәсіпкер Гүлзат Әбілова.

Ол ұзақ жыл мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек етіп, кәсіп бастау үшін тәуекелге бел буады.

– Өзіме таныс емес салада өзімді сынап көргім келді. Өрине, тұрақты жұмыс та жақсы, бірақ жеке кәсіп ашу одан да жақсы. Сондықтан жаңадан бастап жатқан кәсіпкерлерге айтарым, құмғаға уақыт жоғалтпаның, – дейді кәсіпкер Гүлзат Әбілова.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген пайызбен несие алып, өз кәсібін бастап кеткен ол бүгінде құрылысқа қажетті бірнеше өнім түрін, оның ішінде кірпіш торы, сым секілді құрылысқа қажетті жабдықтарды шығарып отыр.

Кәсіпкер бағдарлама аясында 2,5 пайыздық жеңілдікпен 8 млн 600 мың теңге несие рәсімдеген. Сонымен қатар өндіріс ауқымын кеңейту мақсатында «Қызылорда Өңірлік инвестициялық орталығы» микроаржы ұйымынан 6 пайызбен 13 млн теңге көлемінде қосымша қаражат алған. Бұл қаражатқа ол жаңа құрал-жабдықтар сатып алып, өндіріс қуатын арттырған.

Бүгінде кәсіпорында 12 адам тұрақты жұмыс істейді. Оның ішінде алты қызметкер арнайы жолдама арқылы жұмысқа орналасқан. Айта кету керек, өндірісте тек ер-азаматтар ғана емес, қыз-келіншектер де жұмыс істеуде.

– Жұмыс ауыр болғанына қарамастан, бәрі талмай еңбек етеді. Жұмысшылардың жатын орны, тамағы түгел қамтылған. Арнайы аспаз да бар. Бастысы барлығы тегін, – дейді кәсіпкер.

Кәсіпкердің кәсібін дөңгелетуге сеп болған «Ауыл аманаты» бағдарламасы екенін кейіпкердің өзі де атап айтты. Бүгінде кәсіпорын өнімді жергілікті құрылыс саласында пайдалануда.

– Сол жақ жағалауда салынып жатқан көпқабатты үйлерге де өнімimizi жеткіземіз. Сұраныс жақсы. Баға нарықтан әлдеқайда төмен, – дейді кәсіпкер.

Өндірісте қолданылатын техниканың да түрі көп. Брусчатка шығаратын құралдың өзі бірнеше санатқа бөлінеді. Әр станокта үш адамнан тұратын бригада жұмыс істейді. Шикізаттың басым бөлігі Шымкент қаласынан әкелінеді екен. Ал құм, тас, цемент сынды негізгі материалдар Шиелі, Жаңақорған ауданынан жеткізіледі.



«Аталақтың» қолжазы

Кәсіпті бастау бар да, нәтижеге жету бар. Ол жұмыс өндірген өнім сапасы болуы тиіс.

– Расында, жұмыстың ауырлығына қарамастан күн-түн демей еңбек ету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Біз үшін ең бастысы – өнім сапасы. Өйткені тұтынушылар тек сыртқы дизайнға, әдемілікке ғана емес, сапасына мән береді. Мәселен, брусчатканың сапасы 2-3 айдың ішінде байқалады. Біз әрдайым сапаға жұмыс істейміз, – дейді Гүлзат Әбілова.

Айдана БАХТИЯР

Отбасымызбен отырып
эңгіме-дүкен құрған
сәттерде анам мен әкемнің
қалай үйленгені жөнінде
үнемі айтылатын. «Әкеңе
мені әкеп берген ғой», –
деп әзілдейтін анам.
Расында, сол уақытта
көп әйел алып қашудың
құрбаны болды. Әкем мен
анам, шүкір, 6 баланы
дүниеге әкеліп, тәрбиеледі.
Жаман отбасы болған жоқ.
Дегенмен танымайтын
біреудің алып қашуы, ол
отбасыға сіңісіп кету, адал
жар болу, өрине, қиын
екені анық.



ДӘСТҮРДІҢ ОЗЫҒЫ БАР, ТОЗЫҒЫ БАР НЕМЕСЕ ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУДЫҢ СОҢЫ

Жақында 18 жастағы немере сіңілімді «алып қашты» деген хабарды естіп, көңіл-күйім түсті. Өрине, қыздың келісімі болған. Дегенмен 18 деген тым жас көрініді өзіме. Мүмкін, жігіті алып қашпағанда әлі де жүрме еді. Себебі қанша жерден қыз келісім берді дегенмен, бұл жағдайда үлкендер ар-ұятты алға тартатыны анық.

Соңғы уақытта қоғамда көп талқыға түскен қыз алып қашу туралы екіжақты пікірлер айтағындар бар. Өрине, жастар бұл салтты қолдамайды. Ал үлкен кісілер «қыздың келісімі болса, алып қашқан дұрыс» дейді. Кім қандай пікірді қолдаса да, біреудің әлпештеп өсірген қызын алып қашқан дұрыс емес екені анық.

Былтыр Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда өркениетті қоғамда әр азаматтың абыройы, құқығы және бостандығы баға жетпес құндылық болуы керек екенін айтылған еді. Атап айтсақ, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтай отырысында қыз алып қашуға біржола тосқауыл қойылуы тиіс екенін айтты. Президент кейбір адамдар әлі күнге дейін салт-дәстүр санайтын бұл үрдісті мүлдем ақтауға болмайтын заңсыздық, қараңғылық деп сынады.

– Елімізде қыз алып қашуды ұлттық дәстүр санап, ел ішінде дәріптегісі келетіндер бар. Бұл – мүлдем ақтауға болмайтын заңсыздық, қараңғылық, тіпті, маскара тірлік. Өркениетті

қоғамда әр азаматтың абыройы, құқығы және бостандығы баға жетпес құндылық болуы керек. Сондықтан мұндай ақылға сыймайтын әрекеттерді қатаң сынға алу жеткіліксіз. Отан құқықтық баға беріліп, біржола тосқауыл қойылуға тиіс. Ата жолын сақтаймыз десек, ғасырлар бойы бабаларымыз ұстанған асыл дінімізді сақтауымыз керек. Дәстүрлі ислам – халқымыздың ұлттық бірегейлігін танытатын басты құндылықтың бірі. Біз оны берік ұстану арқылы экстремизмге және кертартпалыққа қарсы тұра аламыз. Жұртымыздың өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Біз осы мәдени кодымызды сақтап, бабалар жолымен жүріміз керек, – деді Президент.

3-БЕТТЕ

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

АҚЖАРМАДА біткен іс көп, жоспар жетерлік



«Арманым – ауылды баққа айналдыру»

Баймұратқа барар жолды көпшілік білетін шығар... Халықаралық дәліз жолдың бойынан ауылға қарай тура түскенде оң қапталдағы қалың тоғай, ну орманға айналған бақты байқаған боларсыз. Бұл – ауылдың өзіне тән ерекшелігі. Жасыл-желектен басталған елді мекеннің ішінде де қараусыз қалған бақты Саттар Бейбітұлы елге әкім болып келе сала айналасын қоршатып, тап-таза саябаққа айналдырған екен. Өлі де мұндай арманы көп екен.

– Талы жоқ ауылдың ауа райы бірден белгілі болады. Оттегі аз. Егер жасыл-желекпен көмкеріп тастасаңыз, оның өз кереметі бар. Ауылдың көркін ажарландырып тұрады. Ауылды бақ қыласам деген арманым бар. Әрине, қаражатқа тіреледі. Бірақ қоршауын ғана қолдаса, қаламшамен-ақ еге беруге болады. Ал алма бақ егуге көшетке де қосымша қаржы керек. Меніңше, біз қаражатты болашағы маңызды осындай жобаларға көптеп бөлуіміз керек. Облыс әкімінің бастамасымен қазіргі таңда қаланың көп бөлігінде тал егу жұмыстары қарқынды жүрді. Міне, осындай бастама әрбір ауылда болса екен, – дейді Саттар Әбдіреес.

Бүгінде ауылдық округте ауылды аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында басты арықтар тазартылған. Ал көркейту-қоғалдандыру айлығында 500 түп сыр талы мен терек көшеттері егілді. Мұның өзі әкімнің асыл арманының орындалуына бастаған маңызды қадам екені даусыз.

Ауыл қалаға жақын орналасқандықтан мұнда көшіп келушілер қатары қалың. Сондықтан елді мекеннің ауқымы да кеңейіп келеді. Жаңадан қалыптасып жатқан аумақтарға тас жол төселіп, халыққа қолайлы тұрмыс кешуге бар мүмкіндік жасалуда.

– Мына өзеніңіз көріп тұрған көшенің халқына қиын болатын. Балалары мектепке толарсақтан саз кешіп қатынайтын. Қазір, міне, тас төселді. Ауылда осындай көшелерге тас төсеу жұмыстарына 323,3 млн теңге қаражат бөлінді. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде Талдыарал елді мекенінде бір көшеге 3,1 млн теңгеге түнгі жарықтандыру жұмысы жүргізілді. Ал Баймұрат ауылындағы көнерген көше шамдары жаңартылды, – дейді ауыл әкімі.

Бұл ауылда байқау жеңімпаздары тұрады

Таяуда ғана өткен «Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық байқауының қалалық кезеңінде Іздікқұловтар отбасы І орын жеңімпазы атанды. Иә, Гажденбек ақсақал мен Гүлназ апайдың шаңырағындағы еңбекпен тәрбиеленген перзенттер бүгінде отбасының мерейін тасытып отыр. Ал ақсақал қартайдым деп отырған жоқ. Қолынан кетпені мен күрегін тастамай, немерелерін еңбекке баулып жүр.

– «Әлемнің әміршісі – еңбек» деген керемет сөз бар. Біз еңбекпен тәрбиелендік, солай жетілдік. Қазір қозғалған сайын жаным рахат табады. Мына ауладағы жемістің әрбірі осы балалар үшін егілді. Күтіп-баптауы керек, баладай етіп мәпелейсің. Сен қаншалықты қарасан, соншалықты жеміс береді, – дейді Гажденбек ақсақал.

Ал Гүлназ апай «Көгерген әрбір көшетті балалар ешкімнің қолына қарап, жегісі келгенді жұрттан сұрамасын», – деп ектік дейді.

Шаттыққа бөленген шаңырақта бақ тұрақтаған. Алақандай ауылдағы әрбір тұрғын ол кісілерді құрметтейді.

Темірбектің саумалы – денсаулыққа мол дәрі

Ауыл тұрғыны Темірбек Қазымбеков – еңбегімен елге танылған жан. Бүгінде дертіне шипа іздеген ауыл тұрғындары Темірбек ағайдың телефонына шығады. Алдын ала жазылып, басынан келіп, саумал ішіп кетеді. Темірбек Елешұлы бұл іске ұрпағын тәрбиелеп, немерелерін де еңбекке баулып жүр.

– Қазір хабарласып, бос уақытқа жазылып қояды халық. Саумалды басынан ішіп, үйреніп қалды. Кейбірі әкеп берші деп өтінеді. Оған да қызметіміз дайын. Сапалы, табиғи саумалға сұраныс жоғары. Қайсыбір жылы вирустың кезінде жұртшылық осы саумал арқылы жан бақты. Емдік қасиеті мол ғой. Немерелерді де осы іске баулып жүрміз, – деді ақсақал.

«Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақтың» қадіріне жеткен қазақ қой. Мінсе көлік, іпсе сусын, жесе ас. Бие қажетті мөлшердегі саумалын берді де, сауын орнынан шығып, шөпке беттеді. Малдың өзін ақылды етіп тәрбиелеуге болады. Ол иесіне байланысты. Техниканың тілін меңгергеннен бөлек, елдің егін, коммуналдық саласын басқарған Темірбек Елешұлы мал шаруашылығын да ұршықша иіріп отыр.

– Қазақ «еңбектің наны тәтті» деп бекер айтпаған. Әрбір әрекеттің жемісті нәтижесін көріп келеміз. Саумалды да немерелерге үйретіп, оларды еңбекке баулып жүрміз. Ізіндегі ұрпағың ісінді жалғап жүрсе, бақыт емес пе?! – дейді малға шөп салып жатып.

Толғауы тоқсан тіршілікте түрлі адамды жолықтырамыз. Сабаға қымыз сапырып, қонағына ұсынған шаңырақтан біз қазақтың «кең болсаң, кем болмайсыңның», «қолы қимылдағанның аузы жыбырламайтынын» және елге қызметтің қай кезде де абырой сыйлайтынына куә болдық.

Шаштараз

Осыдан біраз бұрын Баймұрат батыр ауылында Ержан Серікбайұлы мен Жансая Ерғалиеваның ашқан шаштараз кәсібінің елге қызмет істеп жатқанын жазған едік. Бүгін отбасылық кәсіптің қызмет көрсету ауқымын арттырып, шаштараздың жанынан дүкен ашыпты. Жұмысы жүйелі жүріп жатқан кәсіпкерлер мақсатқа бастар жолда қорықпау қажетін айтуда.

– Әрине, алдыңызға мақсат қойсаңыз, оған жету – сіздің қолыңыздан келетін іс. Біз осылай бастадық. Қазір шаштараз жанынан дүкен аштық. Ғимараттың алды жазғы кафеге сұранып тұр. Құдай қаласа, кәсіпті кеңейтіп, дамығанға не жетсін?! – дейді Жансая Ерғалиева.


Шағын ауылдан кәсібі өрге бастаған осындай жандарды көрдік. Әкім де жан сарайындағы асыл арманымен бөлісті. Облыс орталығына қайтып келеміз. Жолдағы ағаштар, расымен, қала көшелеріне әрі көлеңке, әрі таза ауа болып тұратыны рас. Баймұраттағы ну-тоғай – осы сөзіміздің айқын дәлелі.

Дәулет ҚЫРДАН,

Басы 1-бетте

Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ЕЛ СЫЙЛАҒАН АСҚАР ТАУЫМЫЗ



Еңбегімен ел құрметіне бөленіп, айналасына сыйлы қалпын сақтап, татулықтың үлгісін көрсетіп жүрген абыз ақсақалдың бірі әкеміз – Байғара Сейілұлы Молдашов. Өмірінің мағыналы шақтарын ауылды өркендетуге ариап тер төккен жанның шаруашылық үшін еткен еңбегі еселі. Су маманы болып, егінді алқаптың бабын табуға атсалысу үшін білімімен қоса үлкен тәжірибе де керек. Ал әкеміз болса ауылдың ыстығына күйіп, суығына тоңып, елдегі диқандармен кеңесе отырып келетін іс тындырды.

Алғашқы еңбек жолын 1972-74 жылдары Қызылорда қаласындағы Жанадария каналдар басқармасында гидротехник болып бастады. 1974 жылы «Жанаталап» совхозында сол жұмысты жалғастырды. Араға 2 жыл салып іскерлігі мен табандылығының арқасында бас гидротехник лауазымына көтерілді. 1978 жылы Қызылорда қаласындағы Жамбыл гидромелиоративтік институтына оқуға түсіп, 1984 жылы жоғары білім алды. 1998 жылға дейін совхоз тарағанша су шаруашылығын дамытуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға, шаруашылықты көтеруге атсалысты. Мұнан соң қайта өз кәсібіне оралып, «Мақпалкөл» ЖШС-да гидротехник міндетін атқарды. Ал 2010 жылдан 2014 жылға дейін ауылда бригадир болып, жастарға өзінің іс-тәжірибесін үйретіп, еңбекке баулыды. Еткен еңбегі бағаланып, облыс, аудан әкімшілігі тарапынан алғыс хаттар алып, ел құрметіне бөленді. Байғара Сейілұлы 2014 жылы зейнет демалысына шыққанмен өзі қызмет еткен су шаруашылығы саласындағы жиған тәжірибесін жас буынға үйретіп, ауылдың өркендеуіне өз үлесін қосумен келеді. «Жақсы әке балаға қырық жыл азық» деген аталы сөз бар қазақта. Атамыз Сейіл Молдашов та ұзақ жылдар Жанаталап (қазіргі Т. Жүргенов) ауылында табан аудармай қызмет еткен еді. Әке аманатын мұра тұтқан Байғара әкеміз өз кәсібінің игілігін көріп, тұғырлы 75 жасқа келіп отыр. Тау тұлғалы әкеміз анамыз Ағжан екеуі өсіп-өнген әулетіміздің алып бәйтеректері. Отбасының үлкені Аманжол – кәсіпкер, Өтеген – Жүргенов ауылында мұғалім, қызы Ақтоты – мектепте тәрбие ісінің меңгерушісі, кіші ұлы Жеміс облыстық төтенше жағдайлар департаментінде қызмет еткен, қазір зейнеткер. 4 перзентінен 12 немере сүйіп отырған ата-анамыз өмірінің жалғасы ұрпақтарының қызығын көруде.

Құтты болсын мерейлі тұғырыңыз,
Бата мен ақ тілекке жылыныңыз.
100 жасаңыз анаммен қол ұстасып,
Ұзақ болсын жан әке, ғұмырыңыз!

Сейілөвтер әулеті

1-31 тамыз аралығында Қазақстанда Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының бірінші кезеңі өтеді. Осы уақыт аралығында барлық қатысушы sanaq.gov.kz сайтында онлайн форматта санақтан өте алады. Сайтта ауыл шаруашылығы өндірушілері мен үй шаруашылықтарына арналған екі түрлі сауалнама парағы болады.

Ауыл шаруашылығы санағы кезінде қандай сұрақтар қойылады?

Өсімдік шаруашылығымен, мал шаруашылығымен немесе балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермер) қожалықтары 2-АШК/ШФҚ санақ парағын толтыруы тиіс. Бұл сауалнама тоғыз бөлімнен тұрады және 29 сұрақты қамтиды. Онда жер учаскелерінің көлемі, олардың қалай пайдаланылып жатқаны, суару тәсілдері, жердің меншікке немесе жалға алынғаны туралы мәліметтер көрсетілуі керек.



Сондай-ақ сауалнамада шаруашылықтағы мал, құс, балық саны, қолданылатын техника, құрал-жабдықтар, қоймалар, сақтау орындары мен басқа да қажетті нысандар туралы ақпарат сұралады. Қатысушылар тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану, органикалық өнім өндіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу, сондай-ақ жұмысшылардың саны мен олардың сипаттамасы жөнінде де мәлімет береді.

Егер шаруашылық бірнеше өңірде қызмет жүргізсе, әр өңір бойынша жеке бөлімді толтыру қажет. Бұл парақта жер учаскелерінің, егістік алқаптарының, мал мен құстың нақты орналасқан жері көрсетілуі тиіс.

Басқа егетін немесе мал мен құс ұстайтын үй шаруашылықтары да санаққа қатысады. Олар үшін 3-ЖҚШ сауалнама парағы қарастырылған. Бұл сауалнамада қандай дақылдар өсірілетіні, қанша мал мен құс ұстайтыны, жайылымдарды қолданатыны, мал ұстауға арналған құрылыстардың бар-жоғы, сондай-ақ өнімнің сатылатыны немесе жеке тұтынуға пайдаланылатыны туралы мәлімет беріледі. Үй шаруашылықтарына арналған сауалнама 8 бөлімнен және 22 сұрақтан тұрады.

Барлық ұсынылатын ақпараттың құпиялылығы сақталады, деректер «Мемлекеттік статистика туралы» заңымен қорғалады және салық немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді.

Санақ аясында бюро еліміз бойынша шамамен 300 мың ауыл шаруашылығы ұйымын және 2 млн үй шаруашылығын қамтуды жоспарлап отыр.

<https://stat.gov.kz/>

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзіне асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс. Сондай-ақ өз міндеттерін тиісті деңгейде орындау мақсатында олардың тарапынан Әлеп кодексін бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет. Осы бағытта департамент тарапынан мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, қызметтік әдепті бұзу фактілерін болдырмау және әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алу мақсатында жыл басынан бері 74 түсіндіру шарасы жүргізілді.

Оның ішінде мемлекеттік органдарға бару арқылы 34 шара өткізіліп, мемлекеттік қызметшілерге «Мемлекеттік

қызметшілерімен заңнамада көзделген шектеулерді, мемлекеттік қызметшілерінің Әлеп кодексінің талаптарын сақтау» тақырыбында семинарлар өткізілді. Осы жылдың сәуір-мамыр айларында аймақтағы департамент, басқарма қызметкерлерінің қатысуымен сол ұжымдарда семинарлар ұйымдастырылды.

Сондай-ақ сәуір-мамыр айларында департамент басшысы Е.Мендалиев ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалында 5 рет дәріс оқыды.

Семинар барысында құмар ойынмен ойнауға шектеу қойылғаны, шектеуді сақтамаған жағдайда мемлекеттік қызметші жұмыстан босатылатыны қатаң ескертілді және 2025 жылғы 10 қаңтардағы №156-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының талаптарымен таныстырылып, оның ішінде мемлекеттік қызметке кіру шарттары мен тәртіптік жаза қолдану мәселелеріне түсіндірме берілді.

Бұдан бөлек, ҚР Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі №602 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамада көрсетілген бастамалармен таныстырылып, мемлекеттік қызмет жүйесін дамыту мақсатындағы қабылданатын шаралар туралы ақпарат берілді.

Т.НУРТАЕВ,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басқарма басшысы

СТАЛКИНГ

БАСҚАН ІЗДІ АҢДЫҒАН ДА
ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫІШКІ КҮЙЗЕЛІСТІҢ
АЙҚЫН БЕЛГІСІ

Отбасылық психолог Уәлихан Нұрғали сталкер психологиясын талдап берді. Бұл – жай ғана оғаш мінез емес, адамның еркіндігі мен психологиялық саулығына нақты қауіп төндіретін әрекет. Тіпті кей жағдайда физикалық қатерге дейін ұласуы мүмкін. Адамның біреуді аңдуына түрлі психологиялық себептер әсер етуі мүмкін. Олардың қатарында қызғаныш, жалғыздықтан арылу, бас тартуды қабылдай алмау, қарым-қатынасты күшпен сақтап қалуға тырысу немесе бақылауға деген ішкі қажеттілік секілді факторлар бар.

– Сталкинг – адамның өзге біреуді жүйелі түрде қудалауы, жеке кеңістігіне еріксіз араласуы. Ол қайталанатын хабарламалар мен қоңыраулардан бастап, соңынан аңду, қорқыту, әлеуметтік желілерде үздіксіз назар аудару секілді әрекеттер арқылы көрініс табады. Бұл мінез-құлық көбінесе адамның эмоцияны басқарудағы әлсіздігінен, жеке шекараны сезінбеуінен немесе шешілмеген психологиялық жарақаттардан туындайды. Сталкинг – сырттай аңғаруы қиын, бірақ ішкі күйзелістің айқын белгісі. Мұндай жағдайда тек қудаланушы тарап ғана емес, сталкердің өзі де кәсіби психологиялық көмекті қажет етеді. Сталкинкке ұшыраған адам үшін ең маңыздысы – өзін жалғыз емес екенін сезіну. Мұндай жағдай адамға тұрақты күйзеліс, қорқыныш, үрей мен сенімсіздік тудыруы мүмкін. Сондықтан ең алдымен, ол адамға қауіпсіз орта қажет: физикалық қауіпсіздік те, эмоциялық қолдау да маңызды. Психологиялық тұрғыда бірінші кезекте тыңдау, түсіну және сезімдерін жокқа шығармай қабылдау қажет. «Бәрі жақсы болады» деп жай жұбатудан гөрі, оның қорқынышы мен мазасыздығын шынайы мойындау – үлкен көмек. Сонымен қатар сталкингтің шекара бұзушылық екенін нақты айтып, оның кінәлі емес екенін түсіндіру маңызды. Егер жағдай күрделі болса, құқық қорғау органдарына жүгіну, дәлел жинау (хабарламалар, қоңыраулар, куәгерлер), қажет болса мекенжайды уақытша ауыстыру сынды нақты әрекеттер ұсынылады. Ал психологиялық қолдау үшін маманға жүгіну қажет. Мұндай тәжірибе адамның өзін қауіпсіз сезінуіне, сенімділікті қалпына келтіруге көмектеседі, – дейді психолог.

P.S. Жеке өмір – әр адамның ең үлкен құқығы. Бұл құқықты сақтау – тек заң талабы емес, адамгершілік пен мәдениеттіліктің көрінісі. Біреудің жеке өміріне қол сұғу жеке шекараны бұзылуына жол ашады. Сондықтан басқаның жеке кеңістігіне құрметпен қарап, өзіміз де шекарамызды қорғай білуіміз қажет.

Өзіңізді біреудің аңдып жүргенін білу қорқынышты әрі адамға психологиялық тұрғыда соққы болады. Елімізде басқан ізді аудитындарға байланысты заң күшеймек. Себебі біреуді аңду ауыр қылмыстар жасауға сеп болуы мүмкін. Қорқыту, аңду сынды әрекет жасайтын сталкерлер енді аяғын аңдап басқаны дұрыс немесе біреуді аңдығанын тоқтатқан жөн. Себебі елімізде енді

Қылмыстық кодекске «сталкинг» ұғымы енгізіліп, адамды аңдып, қорқытатындар жазаға тартылады.

Сталкинг – бұл адамды жүйелі түрде аңду, оның жеке өміріне заңсыз араласу, қорқыту немесе психологиялық қысым көрсету әрекеті. Түсінікті тілмен айтқанда, «басқан ізді аңду, өзгенің жеке өміріне араласу», «тыныштық бермеу» деген мағынаны білдіреді. Бұл әрекеттер жәбірленушіге қорқыныш, мазасыздық сезімін тудырып, оның қалыпты өмір сүруіне кедергі келтіреді.

Сталкинкке мыналар жатады: қудалау мақсатында

қайталанатын

қоңыраулар,

хабарла-

малар,

әлеуметтік

желілерде

бақылау

жасау

және

адамды

аңду,

оның

жүріс-

тұрысын

бақылау,

үйіне

немесе жұмыс

орнына келіп, онымен

байланысуға мәжбүрлеу, қорқыту немесе қоқан-лоқы

көрсету. Жеке адамның немесе топтың басқа адамды

қадағалап, аңдып жүруі. Ерлер де, әйелдер де сталкинг

құрбаны болуы мүмкін.

Сталкинг – адамның өзге біреуді қудалауы, жеке кеңістігіне еріксіз араласуы. Ол қайталанатын хабарламалар мен қоңыраулардан бастап, соңынан аңду, қорқыту, әлеуметтік желілерде үздіксіз назар аудару секілді әрекеттер арқылы көрініс табады. Бұл мінез-құлық көбінесе адамның эмоцияны басқарудағы әлсіздігінен, жеке шекараны сезінбеуінен немесе шешілмеген психологиялық жарақаттардан туындайды. Сталкинг – сырттай аңғару қиын, бірақ ішкі күйзелістің айқын белгісі.

АДАМ АҢДЫҒАНДАРДЫ
ҚАНДАЙ ЖАЗА КҮТІП ТҮР?

Ұлыбритания мен АҚШ-та сталкинг қылмыстық құқықбұзушылық болып саналса, Германия, Канада сияқты елдерде ауыр қылмыс түріне жатады. Өткен жылы Біріккен Араб Әмірліктерінің билігі ерлі-зайыптылардың бір-бірінің және отбасы мүшелерінің қайда жүргеніне заңсыз аңду жүргізген тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын ескертті. Сондай-ақ соңғы уақытта қалта телефонына адамдарды аңдату арналған қосымшалар орнататындардың көбейгенін де айтып, мұндай әрекетке барғандар киберқылмыс заңында қарастырылған талаптарды бұзғандықтан, кем дегенде 6 ай абақтыға жабылады немесе 500 000 дирхамға дейін айыппұл салынатынын жазған.

Ал Қазақстан азаматы сталкингент қалай қорғана-тыны туралы заңгер Еркін Қапаев былай дейді:

– 2023 жылдан бастап сталкинг Қазақстан заңнамасында құқықбұзушылық ретінде қарастырыла бастады. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы кодексіне және Қылмыстық кодексіне тиісті өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер бойынша адамды аңду, хабарламалар арқылы мазалау, соңынан жүру немесе жеке өміріне араласу құқыққа қайшы әрекет болып саналады. Сталкинг енді отбасы мүшесі болсын немесе бөтен адам болсын, оның

тыныштығына, жеке өміріне нұқсан келтіретін әрекет ретінде қаралады, – дейді заңгер.

Адамды аңду жағдайында Қазақстанда екі деңгейдегі жауапкершілік қарастырылған. Заңгер Еркін Қапаевтың айтуынша, Қылмыстық кодекске 115-1-бабы бойынша, егер адам басқа біреуді қудалап, психологиялық қысым жасаса, ол қылмыстық жазаға тартылады. Егер сталкинг қайталанатын болса немесе жәбірленушіге зиян келсе (мысалы, психологиялық жаракат, қауіп төндіру), бұл жағдай Қылмыстық кодекске сай қылмыстық іс ретінде тіркеліп, қудалаушы бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Сталкинг көбіне ерлі-зайыпты мен ажырасқан адамдар арасында болады. Мұндай жағдай әйелге психологиялық тұрғыдан кері әсер ететіні анық. Сондықтан әйел заң жүзінде қорғана алуға мүмкіндік бар екенін естен шығармағаны жөн.

– Отбасындағы сталкинг – заң алдында жауапты әрекет. Егер күйеуі әйелін аңдаса, оны қорқыту, үнемі бақылауда ұстау, байланыс құралдары арқылы мазалап, психологиялық қысым көрсетсе, әйел отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңмен қорғалады. Мұндай жағдайда ішкі істер органдарына шағымдана алады, уәскелік полиция қызметкері қорғау нұсқамасын шығарып, күйеуіне өзімен хабарласуға тыйым сала алады. Егер бұл әрекеттер қайталанса, қылмыстық іс қозғалып, сот арқылы жаза белгіленеді, – дейді заңгер Еркін Жұбатқанұлы.

ДӘСТҮРДІҢ ОЗЫҒЫ БАР, ТОЗЫҒЫ БАР
НЕМЕСЕ ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУДЫҢ СОҢЫ

Қыз алып қашу енді қылмыс

Елімізде соңғы 3 жылда 200-ден астам қыз алып қашу мен мәжбүрлеп некелесу дерегі тіркелген. Бірақ оның 10-ы ғана сотқа жеткен. Қалған жағдайлар кешірім сұрау арқылы немесе қазақтың дәстүрі дегенді алға тартқан. Кешіріммен құтылатын жағдайлар көбейгендіктен некеге мәжбүрлеп тұрғызу азаяр емес. Ал бұл дәстүр емес, енді қылмыс.

Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан елдерінде қыз алып қашқан жағдайда жауапкершілік жүгі ауыр. Яғни бұл істе заң жүзінде жауапқа тартылады. Ал біздің елімізде қыз алып қашу жағдайы осы уақытқа дейін Қылмыстық кодекстің 125-бабы – «Адам ұрлау» бойынша ғана қаралып келді. Бұл жағдайда қызды кері қайтарса, кінәлі тарап жазаға тартылмайтын. Соңғы жылдары осы мәселеге қатысты заң жобасына өзгерістер енгізу туралы парламент депутаттары жиі қозғап жүрді. Олар Қылмыстық кодекске «Неке қиоға мәжбүрлеу» деген бап қосуды ұсынады болатын.

Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев заң жобасындағы өзгерістерді мақұлдап, қол қойды. Құқықтық құжатта сала мамандарының бар талабы ескерілген. Атап айтсақ, Қылмыстық кодекске «Неке қиоға мәжбүрлеу» деген жана 125-1 бап қосылған. Демек, жаңа заң күшіне енгеннен бастап, некеге тұруға мәжбүрлегендерді қатаң жаза күтіп тұр.

– Қыз алып қашу – бұл қазақ қоғамында бұрыннан белгілі болған, бірақ бүгінгі құқықтық мемлекет жағдайында заңмен реттелетін ауыр құқық бұзушылық. Сонымен қатар жәбірленушіге моральдық немесе психологиялық қысым көрсету, еркінен тыс неке қиылуы – адам құқықтарын өрескел бұзу болып саналады. Мұндай әрекеттер қазіргі заманғы құқықтық нормаларға мүлде сәйкес келмейді және мемлекет тарапынан қатаң жазаланады. Неке тек екі тараптың ерікті, саналы келісімі арқылы ғана жасалуы керек. Қыз алып қашу – «дәстүр» деп ақталатын, алайда адам бостандығына қарсы жасалған қылмыс. Сондықтан қоғам болып



мұндай құқық бұзушылыққа қарсы тұруымыз керек, – дейді Қызылорда облысы адвокаттар алқасының мүшесі, адвокат Мейірбек Даубалаев.

Махаббат пен
сүйіспеншіліктен құрылмаған
отбасының ертеңі жоқ

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген. Бұл дәстүрдің қазіргі уақытта тозығы жетті. Себебі біреудің әлештеп отырған қызын алып қашып, үйленуге келісім бергізу ескіліктің ізінде қалды. Сондай-ақ алып қашу қоғамға кері әсерін тигізуі де мүмкін. Бірін-бірі жете танымаған жастар ажырасуға мәжбүр болады. Махаббат пен сүйіспеншіліктен құрылмаған отбасының ертеңі жоқ екені де анық. Отбасылық психолог Уәлихан Нұрғали қыз алып қашу екіге бөлінетінін айтады.

– Келісіммен және келісімсіз. Екеуі екі түрлі ұғым. Келісіммен алып қашу – бұл екі жастың алдын ала келісімімен, көбіне ата-анадан жасырмай, салт-дәстүрді сақтағандай етіп жасалатын әрекет. Мұндай жағдайда қыз бен жігіт өзара келісіп, саналы түрде шешім қабылдайды. Ал келісімсіз алып қашу – бұл қылмыстық әрекет.

Отбасын құру –
жауапты қадам

Үлкендердің көбісі жағдайы келмеген отбасылар қызды алып қашқан дұрыс дегенді қолдайды. Әрине, екі жастың келісімі болуы керек. Ал жастар салт-дәстүр екен деп кез келген қыздың тағдырымен ойнау дұрыс емес дегенді қолдайды. Сонымен қатар шарият бойынша некеге тұрар кезде ата-ананың келісімі де маңызды екен. Бұл туралы облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің ұстазы, «Шарият және пәтуа» бөлімінің жетекшісі Айболат Теміров айтып өтті.

– «Егер қыздың ата-анасы екі жастың үйленуіне орынды қарсылық танытса, бұлай үйлену шариятқа қайшы» – дейді ол.

Некеге тұру кезінде қызды еркінен тыс зорлықпен алып қашу шариятқа қайшы болып саналады. Себебі неке дұрыс болу үшін оның арнайы рүкндері мен шарттары орындалуы тиіс. Рүкін – ижаб пен қабул (жігіт пен қыздың ризалықпен үйленуі). Некенің дұрыс болуының шарттары – уәлидің келісімі (қыздың әкесі немесе аға-інілері т.б.), екі куәгер және мәһір (қыздың сыйақысы) берілуі. Қыздың ризалығы некеде басты рөл атқарады.

– Біріншіден, некелесіп отбасын құру аса жауапты қадам, ол – адам баласының ұрпағы қияметке дейін жалғасу үшін шарияттың бекітіп қойған заңдарының бірі. Неке киноды Алла Тағала Қасиетті Құранда ауыр серт, берік уәде деп атаған. Екіншіден, бойжеткен – уәлиге аманат. Ата-анасы оны өзгеден қорғап, жауапкершілігіне мұқият қарауы, ойы жаман, ниет-пиғылы теріс адамдардан, тілдейтіндерден, сұқ көздерден қорғауы тиіс. Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын): «...Ер кісі өзінің отбасына басшы және оларға жауапты...» – деген. Ал қызды алып қашу – біреудің аманатына қол сұғу. Бірінші, ата-анаға бойұсыну, олардың ризалығын алу парыз. Алла Тағала былай дейді: «Рабың, өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әкешіңе жақсылық жасауларыңды әмір етті. Екінші, біреудің аманатына қол сұғу. Жоғарыда баяндағанымыздай, қыз – әкенің аманаты. Оның рұқсатынсыз, ризалығынсыз қызды

алып қашу біреудің аманатына қол сұғу болып есептеледі. Үшіншіден, неке шарттарының бірі болып саналатын уәлидің рұқсатының болмауы. Қалыңдықты құда түсіп алуға шамасы келмеген отбасылар өзара келісіп, қызды алып қашуға рұқсат береді. Бұл қызды алып қашуға болады дегенді білдірмейді. Бәлкім, ол екі жастың өзара келісімі. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» дегендей, бұл көріністің шариятқа қайшылығы жоқ, – дейді облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің «Шарият және пәтуа» бөлімінің жетекшісі Айболат Теміров.

Заң өзгерді, сана ше?

Тарихқа жүгінесек, қыз алып қашу түркі халықтарына ортақ салт-дәстүр ретінде қабылданған. Қазақ қоғамында алып қашудың дәстүрлі түрде жөн-жоралғысы болған. Бұл үрдіс өз заманында қоғамның қажеттілігіне орай пайда болды. Дегенмен қыз алып қашудан қоғам түбегейлі бас тартатын уақыт келді. Сана өзгеретін уақыт жетті. Жоғарыда жазылғандай неке мәселесіне келгенде ата-ананың ризалығы да маңызды болып тұр. Яғни, отбасын құру – үлкен жауапкершілік. Бұл атүсті қарайтын жағдай емес. Енді жаңа заң күшіне енсе, алып қашудың құрбаны болған қыздар өз-өзін қорғай алады. «Алып қашып, қайтып келген» деген теріс пікірдің шырмауында қалмауы тиіс. Әркім өз өмірінің жақсы болғанын қалағаны жөн.

Қорыта келгенде, бұл мәселеде адам тағдыры, махаббат, сезім деген дүниелерді де ескерген жөн. Қыздың келісімінсіз оны алып қашу, үлкендердің қыздың алдына жатып алу секілді жағдайлар енді бүгінгі жағдайда нәтиже бермейді. Қыз баласы өзін заң арқылы қорғауға құқылы. Сондықтан заң аясындағы жауапкершілік жүгін арқалап кетпейік десек, сауатты болуды ойлайық, сананы өзгертейік. Біреудің әлештеп өсірген қызын алып қашу, оны зорлықпен көндіріп, бүкіл өмірін қор етіп жүзеге аспайды. Бәрі де келісімге, сезімге, махаббатқа байланысты болмақ. Демек, әр адамның да өз таңдауы, құқы бар.

Бетті дайындаған
Айтолқыс АЙТЖАНОВА

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ –180

ОТЫЗ ҮШІНШІ СӨЗ

Егерде мал керек болса, колөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан колөнерлі – казактың әулиесі сол. Бірақ құдай тағала қолына аз-маз өнер берген казактардың кеселдері болады.

Әуел – бұл ісімді ол ісімен асырайын деп, артық ісерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Қолындағы аз-мұзана мактанып, осы да болады деп, баяғы казактың талапсыздығына тартып, жаттып алады.

Екінші – ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі кара табылса, малға бөге қалған кісіміп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салқау, салғарт, кербездікке салынады.

Үшінші – «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, «шырағым», немесе «агеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін деп мактанып кетіп, пайдасыз алдауға, кү тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мактандырып кетеді.

Төртінші – тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болатын деп, бір болымсызын нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыпмын ғой деп, және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегеннің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады.

Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, соныменен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді. Осы несі екен? Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатындығы қалай?

Президенттен бастап қарапайым халыққа дейін қызығады

Қазақстанда үстел теннисінің кең таралуына ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың әсері бар екенін айта кеткен жөн. Мемлекет басшысы оқушы кезінде спорт шеберлігіне үміткер атанып, кейін 13 жылдан астам уақыт бойы Қазақстан үстел теннисі федерациясын басқарған болатын. Оның жетекшілігі кезінде елімізде бұл спорттың инфрақұрылымы дамып, жаңа орталықтар мен секциялар ашылып, халықаралық турнирлер өткізілді. 2017 жылы Астана қаласы ТМД елдері ішінде алғаш рет ең үздік 16 ойыншы қатысқан «ITTF World Tour Grand Finals» финалдық турнирін қабылдады. Бұл – елдегі үстел теннисі дамуының айқын көрсеткіші болған еді. Қазіргі таңда федерацияны Данияр Әбілғазин басқарады.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда бүгінде 160 мыңнан астам адам үстел теннисімен айналысады, оның ішінде 7 мыңға жуығы тұрақты түрде жаттығады. Бұл көрсеткіштің жыл сайын артуы спортқа деген қызығушылықтың дәлелі. Айта кетерлігі, әлемдік деңгейде де бұл ойын танымал.

мұнда 16 теннис үстелі, 350 адамдық трибуна, дене шынықтыру залы, душ пен киім ауыстыру бөлмелері толықтай халықаралық стандарттарға сай жабдықталған. Күн санап қанат жайып, өркендеп келе жатқан үстел теннисі бүгінде Сыр елінің жас жеткіншектеріне биік мақсаттарға жол ашып, шеберлікке бастар сара жолға айналған. Аталған орталық спорттың сәні ғана емес, ұлт денсаулығы мен тәрбие мектебінің тірегі. Қазіргі таңда мұнда 5 білікті жаттықтырушы 14 оқу тобына бөлінген 220-дан астам жасөспірімге тәлім беріп келеді. Шапшаңдық пен шеберлікке сүйенетін үстел теннисі әлемде кең тараған ойындардың бірі. Бір уақытта 32 спортшы еркін жаттыға алады. 5-14 жас аралығындағы балалар таңғы 09:00-ден кешкі 19:00-ге дейін тегін ойнайды. Ал ересектер үшін 19:00-23:00 аралығы белгіленген. Сағатына үстел жалдау құны – 2000 теңге.

– Гимарат екі қабаттан тұрса да, мұнда жедел саты қарастырылған. Бұл ерекше мұқтаж жандарға жайлы әрі ыңғайлы орта қалыптастыруға негізделген. Сондай-ақ екінші қабатта кофейня аймағы қарастырылған. Быылдан қалдырмай іске қосамыз, – дейді теннис орталығы директорының орынбасары Жәнібек Оңталап.

жүлдеге ие болды. Сонымен қатар «Ұлттық мектеп лигасы» аясындағы жарыста Бағдаулет Кенішбай мен Қайсар Асылбек топ жарып, республикалық деңгейде жеңімпаз атанды. Ташкентте өткен WTT Youth Contender халықаралық турнирінде Аделя Әлжанова жеңімпаз атанып, әлемдік рейтингке енген. Спортшыларымыз көк туымызды көкте желбіретіп, ел мерейін үстем етіп келеді. Бұл жүйелі жаттығу мен табандылықтың жемісі, – дейді Жәнібек Мейрамбекұлы.



Дәрігер не дейді?

Теннисің адам ағзасына пайдасы жайлы кез келгеніміз болжап айта аламыз. Бірақ нақты пайданы медициналық тұрғыда айтқан әлдеқайда сенімді болары анық. Спорт дәрігері Қайрат Ерманов бұл туралы былай дейді:

– Үстел теннисі қауіпсіз, әрі тиімді спорт түрлерінің бірі. Бұл жаттығу арқылы адам қан қысымын тұрақтандырып, буын ауруларының алдын алады. Ерекше айта кететіні, бұл ойынға жаңа келгендер де тез бейімделіп кетеді. Ойын барысында иық пен білек бұлшық еттері, сондай-ақ тірек-қимыл жүйесі белсенді жұмыс істейді. Қозғалыс кезінде адам ағзасы эндорфин бөледі. Бұл – қуаныш гормоны. Яғни ойыннан соң, көңіл-күй көтеріледі, ұйқы қалыпқа келеді, буындар босайды, дене өзін еркін сезіне бастайды, – дейді ол.

Кейде спорт залда тер төккен жаттығулардан гөрі үстел теннисі ойыны көбірек пайда береді. Бұл тек қана дене шынықтыру емес, есте сақтау, назарды шоғырландыру, қозғалысты үйлестіру секілді жүйкеге тікелей әсер ететін жаттығу. Допты дәлдікпен шапшаң қайтара алу қозғалыс реакциясын дамытып, адамды шалт қимылдауға үйретеді. Бұлшық ет пен көз арасындағы байланыс күшейіп, адам көзбен межеленді, кеңістіктегі дәлдікті жетілдіреді. Көрнекі гимнастиканың өзін үстел теннисімен алмастыруға болады. Көру қабілетіне де пайдасы зор. Үнемі қозғалыстағы допты көзбен бақылау арқылы көз бұлшық еттері демалады, жанар тынығады, ал жұмыстан кейін шаршаған көз қайта сергіп, көру өткірлігі артады.

Жетістік кездейсоқтықтың жемісі емес. Бүгінгі орталықтарда жаттығып жүрген балалар ертенгі ел мақтанысы болары сөзсіз. Өйткені үстел теннисі тек денені шынықтырып қоймайды, ойды ұштайды, сабыр мен жылдамдықты қалыптастырады. Ал мұндай қасиет өмірде де, спортта да алға жетелейді. Мемлекет қолдауы мен білікті жаттықтырушылардың еңбегі үйлесім тапса, бұл спорт түрі алдағы жылдары аймақтың брендіне айналары анық. Спорт – ұлттың қуаты десек, үстел теннисі сол қуаттың бір көзі.

Үстел теннисі – әлемдік аренада

Үстел теннисі шекарасыз спорт. Оны әлемнің 200-ден астам елінде кәсіби деңгейде ойнайды. Бұл ойынның тарихы XIX ғасырдың соңында Англияда басталып, алғашқыда элиталық демалыс түрі ретінде танылған. Кейін спорт ретінде қалыптасып, халықаралық деңгейде кең етек жайды. Азия – үстел теннисінің алпауыты. Әсіресе Қытай бұл спорт түрінде сөзсіз көшбасшы. 1950 жылдардан бастап Қытай үкіметі үстел теннисін ұлттық спорт ретінде қолдап, арнайы академиялар мен ғылыми орталықтар ашты. Соның нәтижесінде қытайлық ойыншылар соңғы бірнеше онжылдықта Олимпиада мен әлем чемпионаттарында үздік нәтиже көрсетіп келеді. Жапония мен Оңтүстік Корея да үстел теннисін ғылым мен техниканы үйлестіре отырып дамытқан елдер қатарында. Олар заманауи технологияны жаттығу процесіне енгізіп, ерекше стиль қалыптастырған. Еуропада бұл спорт түрі Германия, Швеция, Франция сияқты елдерде жақсы жолға қойылған. Швециялық Ян-Уве Вальднер – «үстел теннисінің Моцарты» атанған әлемдік аңыз екені белгілі. Халықаралық үстел теннисі федерациясы (ITTF) 1926 жылы құрылған. Қазір бұл ұйым әлем чемпионаттары, Олимпиада ойындары және дүниежүзілік турлар ұйымдастырып, спорттың дамуына тікелей ықпал етуде.

Орталыққа барғанда...

Сырдарияның сол жағалауында бой көтерген сәулетті кешен – Қызылорда қаласындағы жана теннис орталығы. 2024 жылдың қазан айында бой көтерген бұл кешеннің жалпы ауданы 3651,9 шаршы метр аумақты қамтиды,

Басы 1-бетте



Жетістік – еңбектің жемісі

– Бұл орталықтың табалдырығын аттаған әр бала ертеңгі ел үміті. 2024 жылы орталықтың жас спортшылары бірқатар республикалық жетістіктерге қол жеткізді. Мамыр айында өткен Қазақстан чемпионатында кіші жасөспірімдер арасында Аделя Әлжанова жұптық сында II орын алды. Әлем Би Айдарбек 8-орын, Арсен Ержан 23-орынға ие болды. Әлем Би Айдарбек халықаралық сайысқа жолдама алды. Қазан айында Алматыда өткен «Алтын күз» ашық турнирінде Аделя Әлжанова чемпион атанды. Мәдениет және спорт министрінің №56 бұйрығына сәйкес, 18 спортшы I спорттық разряд талаптарын орындап шықты. Бұл – жаттықтырушылар еңбегінің жие балаларымыздың спортқа деген сүйіспеншілігі мен табандылығының нәтижесі. 2025 жылы бұл көрсеткіштер еселене түсті. Түркістан мен Шымкент қалаларында өткен 10 жас және одан кіші жасөспірімдер арасындағы жарыстарда Абдурахман Орынбек жеңімпаз атанды. Атырау облысы Құрманғазы ауданында өткен турнирде Бағдаулет Сүйіндіков, Досжан Тұрғанбаев, Самат Айдарбек алтын медаль, Алтаир Ғаниұлы мен Ернұр Тұрғанбаев күміс

Теннисің пайдасы орасан

Үстел теннисі қарапайым ғана ойын болып көрінгенімен, адам денсаулығына тигізер пайдасы мол. Бұл денені де, ойды да қатар жаттықтыратын ерекше спорт түрі. Ең алдымен үстел теннисі дене қозғалысын жандандырып, бұлшық етті жетілдіреді. Әрбір соққы мен қозғалыс ептілік пен жылдамдықты талап етеді. Ойын барысында аяқ пен қолдың үйлесімді жұмысы дамып, дене ширай түседі.

Сонымен қатар бұл спорт адамды зейінді болуға үйретеді. Жылдам ұшып келе жатқан шарды бақылап, оған лайықты жауап беру мидың жұмысын жақсартып, шапшаң реакция қалыптастырады. Әр ойыншы қарсыластың қимылын алдын ала сезіп, тактикалық ойлау арқылы әрекет етеді. Бұл – логикалық қабілетті дамытудың таптырмас жолы. Үстел теннисі жүйке жүйесіне де оң әсер етеді. Ойынға толықтай берілген адам күйзелістен арылып, ішкі тыныштық табады. Әсіресе күнделікті күйбең тірлікпен шаршаған жан үшін бұл керемет сергіту. Тағы бір артықшылығы, бұл спорт жасқа да, жынысқа да қарамайды. Үйде, мектепте, жаттығу залында, тіпті ашық

Жазда спортпен шұғылданудың 5 пайдасы



жағалауларды жаттығу алаңына айналдырып алған. Бұл жазғы белсенділікке деген қызығушылықтың артқанын аңғартады. Әрбір қадам денсаулыққа қосылған үлес екенін ұмытпаған абзал.

3. Көңіл күй мен ішкі тепе-теңдікті қалыптастырады

Қимыл – жанның тынысы. Жаттығу жасаған сайын адам өз-өзіне жақындай түседі. Ғылыми тұрғыдан алғанда, спортпен шұғылдану барысында эндорфин гормоны бөлініп, адам өзін бақытты әрі жеңіл сезінеді. Әсіресе жазғы кеште, күн батар шақта тыныш ортада серуендеу немесе жүгіріп қайту күннің ауыртпалығын ұмыттырып, ойды тазартатын табиғи терапия іспетті. Қаланың күйбең тіршілігі

мен ақпарат ағыны шаршатып жіберетін заманда, адам кейде ештеңеге уақыты жоғын сылтауратады. Алайда күнделікті жарты сағат спортқа бөлген уақыт психологиялық тұрақтылық пен тыныштықтың негізі екенін көбіміз ескере бермейміз.

4. Ұйқы сапасын жақсартып, күн тәртібін реттейді

Жазда күн ұзақ болғанымен, түнгі ұйқы бұзылуы жиі кездеседі. Себебі белсенді қозғалыс аз болса, дене де ұйқыға оңайлықпен көнбейді. Ал жаттығу жасаған адам кешке қарай шаршап, тез әрі терең ұйықтайды. Ұйқы сапасының артуы ертенгі күннің де жарқын бастамасы. Дене қозғалысы арқылы ағза өзін табиғи түрде реттейді. Бұл ұйқысыздықтың алдын алудың ең қауіпсіз жолы. Әсіресе студенттер мен кешкеде ұзақ жұмыс істейтіндер үшін бұл пайдалы тәжірибе.

5. Төзімділік

Жаттығу жасау төзімділікті арттыратын таптырмас құрал. Ол адамның ішкі тәртібін қалыптастырып, бір істі сонына дейін жеткізуге баулиды. Бүгінгі жасалған бір ғана жаттығу ертенгі нәтиженің бастауы. Жаздың жаймашуақ мезгілі осы қасиеттерді бойға сіңіріп алуға керемет мүмкіндік. Дененің шынығуы жанның да шынығуы. Тыныс алу, жүрек соғысы, қан айналымы тұрақтанып, адам өзін сергек әрі жеңіл сезіне бастайды. Ал мұндай күйден шабыт қашан да табылады. Біреу үшін спорт денсаулық кепілі, біреу үшін жеңіске апарар жол.

Жаз – уақытша маусым ғана емес, денсаулықты нығайтып, өмір сүру сапасын арттыруға берілген мүмкіндік. Бұл мезгілде табиғатпен үндесіп, күн көзінен қуат алып, өзіңе көңіл бөлу – ең дұрыс шешімдердің бірі. Спортпен шұғылдану денені шынықтырып қана қоймай, ерік-жігерді оятып, ішкі тәртіп пен төзімділікті қалыптастырады. Бастысы, бәрін бірден емес, біртіндеп бастау. Күн сайынғы жарты сағат жаттығу болашақтағы үлкен нәтижелердің алғашқы қадамы. Дененіңге қамқор болу – өзіңе деген құрметтің белгісі. Ал жаз бұл ниетке себеп те, серпін де бола алады.

Бетті дайындаған Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтанның көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалың газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Атпасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3960 Таспырасы №1254

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана БАХТИЯР